



Туризм индустриясы

6B1101-Туризм және сервис 1 курс қазақ тобы

Орындаған: Төрбек Жеңісшах, Жәнібек Махамбет, Айтмұхамет Рахым
Тексерген: Исағалиева Элина

Туризм индустриясы – қызметі бос уақыт кезіндегі демалыс пен сауықтың түрлі және күрделеніп бара жатқан сұранысты қанағаттандыру болып табылатын салалар мен кәсіпорындар тобынан тұратын шаруашылықтың ірі әрі дербек кешені.

Туризм индустриясының өзіне тән қасиеттері:

Туристік мекемелерді орналастырудағы ресурстық бағдар

туристік қызметтерді өндірудегі маусымдық және циклдік сипат

Әлеуметтік инфрақұрылым мен ақпараттық желілерді дамыту деңгейіне қойылатын жоғары талаптар

Туризм индустриясын туризмге байланысты тауарлар мен қызметтерді шығаратын кәсіпорындар мен мекемелер құрайды.

Олар:

1. Қонақ үйлер

2. Тамақтану мекемелері

3. Тасымалдаушы мекемелер

4. Экскурсиялық орталықтар


5. Сувенирлер шығаратын кәсіпорындар

6. Туристік бағыттағы оқу орындары

7. Ақпараттық және жарнамалық қызметтер

8. Туристік бағытта еліміздегі облыстық әкімшіліктердің туризм бөлімдеріндегі зерттеу және жобалау мекемелері

9. Туристік тауарларды өндіру мекемелері.



Қазақстандағы туризм индустриясының дамуының күшті және осал тұстары

Қазақстанда туризм индустриясын дамытудың күшті тұстарын:

- тиімді географиялық орналасуы;
- мәдени мұра ескерткіштерінің сан алуандығы;
- тұрақты саяси және мемлекетішілік ахуал.

Қазақстанда туризм индустриясын дамытудың осал тұстарын:

- халық тығыздығының төмендігі ;
- туризм саласындағы білікті кадрлардың жетіспеушілігі ;
- халықаралық нарықта Қазақстанның туристік әлеуеті туралы ақпараттың болмауы
- инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы.

Туристік айналым

Туристік айналым – бұл туристік мекемелер арасында тікелей немесе жанама түрде қалыптасып, құрамына туристік өнімдер мен қызметтер ағымдарын және де туризм экономикасындағы төлемдер мен инвестицияларды қамтитын экономикалық қатынастар жүйесі.

Туристік айналым негізінде туристік өнімді немесе қызметті экономикалық игілік ретінде, яғни айырбасқа арналған өнім ретінде ұсыну жатыр. Туристік қызмет пен өнімнің пайдалылығы адамдардың рекреациялық қажеттіліктерін қанғаттандыру шамасымен немесе олардың тұтыну құнымен анықталады. Туристік қызметтің тұтыну құны неғұрлым жоғары болған сайын ол туристік айналымда соғұрлым үлкен үлесті қамтамасыз етеді, себебі «құн (құндылық) ең алдымен айырбас категориясы» болып саналады.

Адамдар бір қызметті қажетсінгендіктен, яғни қызмет қажетті пайдалылыққа ие болғандықтан, бұл бағаның бағасы жоғарылаған сайын, еңбек пен капитал шығындары да соғұрлым үлкен масштабта болады. Бұл ретте туристік өнімнің (қызметтің, тауардың) айырбас құнының көрінісі баға болып табылады.

Туристік айналыста баға өзінің барлық төрт қызметін де атқарады:

құн өлшемі ретінде

айырбас құралы ретінде

жинақтау құралы ретінде


төлем құралы ретінде

Туризм индустриясының мекемелері мен орталықтарын,
кәсіпорындарын үш топқа бөледі

1) Демалыс орындары мен маршруттардағы туристік экскурсиялық қызмет көрсету мекемелері (турбазалар, қонақүйлер, санаториялар, кемпингтер және т.б)

2) Демалыс орындарындағы туристерге, жергілікті халыққа тұрмыстық, мәдени-танымдық, сауда қызметтерін көрсететін мекемелер (жолаушылар көлігі, ауруханалар, дүкендер, кинотеатрлар, клубтар т.б)

3) Материалдық-техникалық базаларды құру мен пайдалануды қамтамасыз ететін өнеркәсіп орталықтары және оларға еңбек құралдарын, шикізат, сондай-ақ туризм сферасына біліктілігі жоғары мамандар дайындайтын мекемелер



Қазақстандағы туризм индустриясы

Қазақстандағы туризм саласын дамыту

- 1997 жылы «1997-2003 жылдары аралығында Ұлы Жібек жолындағы тарихи орталықтарды қайта жаңарту, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау және туристік инфрақұрылымдарды құру туралы» мемлекеттік бағдарлама бекітілді;
- 1993 жылы егемен Қазақстан Дүниежүзілік туристік ұйымына мүше болды;
- Қазақстан-2030 дамуының стратегиялық бағдарламасында да бұл саланың аса зор маңызы бар екені атап көрсетілген.

Туризмнің дамуы

- халықты жұмыспен қамтуға,
- бюджетті толықтыруға,
- шағын бизнесті дамытуға,
- туристік инфрақұрылымды құруға игі ықпал жасайды.

Қазіргі таңдағы Қазақстандағы жаңа туристік бағыттар:

- қалалық туризм,
- санаторийдегі демалыс,
- тарихи-мәдени туризм,
- экотуризм.

Туристiк индустрия — бұл орналастыру құралдарының, көлiк құралдарының, қоғамдық тамақтану объектiлерiнiң, ойын-сауық, танымдық, iскерлiк, сауықтыру, спорттық және өзге де мақсаттағы объектiлердiң, туроператорлар мен турагенттiктердiң, экскурсиялық бюролардың, гид-аудармашылардың қызметтерiнiң жиынтығы.

Туристiк сұраныс индустрия өндiретiн бiрқатар өнiмдер мен қызметтердiң ерекше ұсынысына тап болады, ол кез келген басқа жағынан жылдам дамиды.

Кейбiр туристiк өнiмдер туристiң қажеттiлiктерiн қанағаттандыруда негiзгi болып табылады, басқалары — қосымша немесе қосалқы, сондықтан туризм индустриясының шекарасын анықтау өте қиын. Мысалы, қонақ үйлер жанындағы көлiк кәсiпорындары мен мейрамханалар туристердiң қажеттiлiгiн ғана қанағаттандырмайды, оларды басқа адамдар да пайдалана алады. Сондықтан туризм саласын тар және кең мағынада қарастыруға болады. Бiрiншi мағынада ол тек туристер үшiн өнiмдер мен қызметтердi өндiретiн кәсiпорындарды, екiншi мағынада — тек туристер үшiн ғана емес, белгiлi бiр өнiмдi (қызметтi) сатып алғысы келетiн барлық азаматтар үшiн өнiмдер мен қызметтердi өндiретiн кәсiпорындарды қамтиды, яғни барлық нарыққа бағдарланады.



Туристерге арналған өнімдер мен қызметтерді өндіретін кәсіпорындарды үш топқа бөлуге болады;

Біріншісі — туристерге қызмет көрсетуге арналған (санаторийлер, пансионаттар, турбазалар және т.б.).

Тұйық туристік және курорттық орталық жағдайында оның аумағында орналасқан, осы топқа жататын барлық кәсіпорындар дерлік.

Екінші — олар қызмет көрсету үшін көбінесе туристерді, дегенмен олардың қызметтерін пайдалана алады және жергілікті тұрғындар (қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, мәдениет мекемелері және т. б.)

Үшінші-әдетте жергілікті тұрғындарға қызмет көрсетуге арналған, бірақ олардың қызметтерін де өз қажеттіліктері мен туристері (қоғамдық көлік, пошта және т.б.) пайдалана алады және қанағаттандыра алады. Туризм немесе туристік сапарлар — бұл келушілердің тұрақты тұратын жерінен басқа елге немесе жерге жұмысқа орналасудан басқа кез келген басты мақсатпен бір жылдан кем мерзімге шығуы (саяхаттары)



Назарларыңызға
рахмет!

